

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4\(4\)-20](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-20)
FTAMP: 14.35.09

К.К. Муканова., А.Б. Сайленова *

Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А

*ORCID: 0009-0005-5562-4966

*e-mail: aiko14.08@mail.ru

ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫЛЫМ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада оқылым дағдысын дамыту мәселесі тіл үйрету әдістемесінің маңызды бағыты ретінде қарастырылған. Оқылым – оқырман мен мәтін арасындағы күрделі коммуникативтік әрекет ретінде анықталып, оның дамуы жан-жақты білім мен тілді терең меңгеруді талап ететіні көрсетіледі. Оқылым дағдысын жетілдіру қоғамның даму деңгейіне сәйкес өзгеріп отыратыны, қазақ тілін оқытудағы оқылымға қойылатын талаптардың күрделеніп, оқылатын мәтіндердің түрлері, күрделілігі мен көлемінің өзгеру үрдісі талданады. Зерттеулер нәтижесінде тіл үйрену үдерісі сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін – тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылымды қамтуы тиіс екені ғылыми негізделген. Алайда оқылым әрекеті әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде қарастырылмай отыр, сөйлеудің өнімді формаларымен салыстырғанда назардан тыс қалуып отырғандығы анықталды. Дегенмен, И.А. Грузинская, О.И. Коваль және А.А. Миролубов сияқты әдіскерлер оқылымды сөйлеу және тілдік дағдыларды қалыптастыру мен бақылаудың маңызды құралы деп қарастырады. Оқу техникасын меңгеру, оқылымның синтетикалық және аналитикалық түрлері, фонетикалық заңдылықтарды игеру сияқты әдістер оқылым дағдысын қалыптастырудағы негізі рөл атқаратыны дәлелденді.

Оқылымның тілдік қорды, грамматикалық және жазу дағдыларын жетілдіруге әсері, ақпараттық және білім беру қызметтерін атқару ерекшеліктері анықталды. Оқылым мәтіндерін таңдау кезінде тіл үйренушілердің білім деңгейлері, қажеттіліктері мен қызығушылықтары ескерілуі тиіс екені көрсетілді. Сонымен бірге, оқылым алдындағы және кейінгі тапсырмалардың жүйелі ұйымдастырылуы, мазмұндық дағдыларды дамытуға бағытталған стратегиялар – болжау, визуалдандыру, байланыстыру, сұрақ қою, нақтылау, жинақтау және бағалау оқылымның тиімділігін арттырады.

Қатысымдық бағдарлы әдістемелік тәсіл оқылым дағдысын дамытуда негізгі шарт болып табылады және тілдік қатынасқа қол жеткізудің соңғы мақсаты ретінде қарастырылады. Осылайша, оқылымды меңгерту тіл үйрету үрдісінің интегративті бөлігі ретінде сөздік қор мен грамматиканы жетілдіруге, сөйлеу әрекеттерін дамытуға, сонымен қатар ақпаратты қабылдау мен өңдеуді жетілдіруге бағытталған кешенді процесс ретінде ұсынылады. Мақалада оқылым дағдысын дамытуға қатысты ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік ұсынымдар беріле отырып, бұл бағыттағы зерттеулерді әрі қарай тереңдету қажеттілігі атап өтілген.

Тірек сөздер: Оқылым дағдысы, тіл үйрету әдістемесі, қатысымдық бағдар, мәтінді түсіну, оқылым стратегиялары, тілдік қатынас.

Кіріспе

Тілді оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетін игеру екені белгілі. Тілді үйрету үдерісінде сөйлеу әрекетінің негізгі түрлері – оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдыларын өзара байланыста дамыту үлкен маңызға ие. Бұл дағдылардың біртұтас қалыптасуы тіл үйренушінің еркін қарым-қатынас жасауына, өз ойын білдіріп, пікір алмасуына, ой-пікірін жүйелі әрі сауатты жеткізуіне, сондай-ақ қажетті ақпаратты тиімді пайдалануына жағдай жасайды. Сонымен қатар тіл үйренуші тың мәліметтерді тек қабылдап қана қоймай, оларды саралап, сын тұрғысынан бағалауға машықтанады. Бұл дағдылардың ішінде оқылым жетекші рөл атқарады. Себебі тиімді оқу стратегияларын меңгеру арқылы адам еркін ойлауға, сауатты сөйлеуге, тіл тасымалдаушы ұлттың мәдени ерекшелігін, болмысын, дүниетанымын түсінуге, астарлы мағыналарды тануға бейімделеді. Тілді оқытуда оқылым дағдысының тиімді әдістемемен ұйымдастырылуы тіл меңгеру процесіне оң ықпал етеді. Тілді үйрету үдерісінде оқылым мәтінінің танымдық, зерделік, ақпараттық және жанрлық ерекшеліктерін талдай білуімен қатар, оны саналы түрде қабылдау да маңызды мақсаттардың бірі болып табылады. Оқылым – сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналық бірлікте бірігіп, үйренушіге ықшам да мазмұнды ақпарат ұсынуымен ерекшеленетін сөйлеу әрекеті. Оқылымның басты мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде түсініп, қабылдай алу. Осы арқылы тіл үйренуші алынған мәліметті жүйелеп, оны өз қажетіне

тиімді пайдалана отырып, ойлау қабілетін дамытады. Нәтижесінде оның таным өрісі кеңейіп, сөз қолданыс мәдениеті жетіледі және тілдік дағдыларды меңгеру қабілеті артады. Сонымен бірге үйренуші сөздердің тек негізгі мағынасын ғана емес, олардың астарлы мәнін, қосымша реңктерін, эмоциялық және экспрессивтік мүмкіндіктерін ажырата біледі. Сондай-ақ мәтіннің жанрлық тұтастығын танып, оның мазмұнын тұтас қабылдауға дағдыланады.

Тілді меңгеру үдерісінде сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін бір уақытта қатар дамыту ерекше маңызға ие. Солардың ішінде оқылым дағдысы жетекші орын алады, өйткені сөйлеу әрекетінің басқа түрлерінің жетілуі көбіне осы дағдының қалыптасу деңгейімен тікелей байланысты. Оқылым – рецептивті, яғни қабылдаушы дағдылардың қатарына жатады. Бұл әрекет көру мен ойлау қызметінің өзара байланысы арқылы жүзеге асатын қарым-қатынастың маңызды түрі болып табылады. Оқылым барысында тіл үйренуші өзіне қажетті жаңа ақпаратпен танысып, оны бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып түсінуге тырысады. Бұл дағдының көмегімен ол дүниетанымын кеңейтіп, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады. Сондықтан оқылым терең танымдық қызметті талап ететін, психикалық үдерістер негізінде іске асатын күрделі дағды болып саналады. Сонымен қатар оқылым сөйлеу әрекетінің өзге түрлерімен салыстырғанда орындалуы жағынан біршама жеңіл деп есептеледі. Оның себебі – оқылымның бастапқы кезеңінде басты талап тек жазбаша мәтінді танып, оны дауыстап оқу болып табылады. Ал тіл үйренуді жаңадан бастаған ересек адам үшін ең әуелі жаңа тілдің графикалық таңбаларын есте сақтау міндеті туындайды. Көз алдында мәтіннің болуы тіл үйренушіге тірек болып, оның оқу әрекетіне айтарлықтай көмек көрсетеді. Осыған байланысты оқылым сөйлеу әрекетінің басқа түрлеріне қарағанда жеңілдікпен меңгеріледі деп есептеледі. Бастапқы кезеңде оқу техникасын жетілдіру мен оқу жылдамдығын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Сондай-ақ мәтіндегі үйренушіге таныс сөздерді тұтас қабылдай отырып оқу тәсілін меңгеру де маңызды рөл атқарады. Тілді үйренудің алғашқы сатысында үйренушінің назары негізінен жекелеген сөздердің жазылуы мен мағынасын есте сақтауға бағытталады. Ол сөздік көмегімен жаңа лексикалық бірліктердің мәнін анықтап, мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге ұмтылады. Осы себепті тіл меңгерудің бастапқы деңгейінде үйренушінің тілдік мүмкіндігіне сай, мазмұны жеңілдетілген қысқа мәтіндер ұсынылады.

Дегенмен, тіл үйренудің келесі кезеңі – мәтіннің мазмұнын терең түсіну дағдысын қалыптастыру сатысында бірқатар қиындықтар байқалады. Бұл деңгейде тіл үйренуші көбіне «тыңдалым» аспектісіне назар аударып, осы бағыттағы қабілеттерін жетілдіруге ұмтылады. Ал грамматикалық білім мен дағдыларды бекіту, оларды жетілдіру жұмыстары негізінен жоғары деңгейге өткен кезде жүзеге асырылады. Сөйлеу белсенділігінің артуы мен сөйлеу әрекетінің бір ғана түрін ұзақ уақыт бойы дамытуға басымдық беру оқыту үдерісінде белгілі бір қарама-қайшылықтардың туындауына себеп болады және бұл өз кезегінде білім сапасына кері әсерін тигізеді. Мұндай кезеңдегі ең негізгі кемшілік – оқытудың коммуникативтік бағытының ескерілмеуі. «Қатысымдық бағдарлы оқытудың соңғы мақсатты нәтижесі – тілдік қатынас. Тілдік қатынас дегеніміз – адамдардың бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, тіл арқылы тілдік қатынас жасауы» [1]. Осыған орай оқылым дағдысын қалыптастыруға арналған әдістемелік жүйе тек тіл үйренушінің жеке жұмыс істеуін емес, оны өзгелермен қарым-қатынасқа, тілдік әрекетке түсуге бағыттауы тиіс. Бұл жүйе өнімді сөйлеу әрекетін дамытуды басты мақсат етуі қажет. Сондықтан оқылым әрекетін тиімді ұйымдастыру жолдарын анықтау, тіл үйренушінің оқу техникасын жетілдіру тәсілдерін зерттеу, оқылым мәтіндеріне қойылатын талаптарды белгілеу және тілдік қатынасқа жетелейтін мәтінмен жұмыс түрлерін ғылыми тұрғыда зерделеу қазіргі уақытта ерекше маңызға ие болып отыр. Осы жағдай мақаланың қарастыратын негізгі мәселесін – тіл үйрету үдерісінде оқылым дағдысын қалыптастырудың тиімді әдістерін айқындау қажеттілігін нақтылай түседі.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың зерттеу нысаны ретінде тіл үйрету үдерісінде оқылым дағдысын қалыптастырудың тиімді тәсілдерін қарастырған ғалымдардың еңбектері талданды. Бұл мәселеге арналған зерттеулер жүргізген ғалымдардың қатарына И.А. Грузинская, Е.И. Пассов, А.А. Леонтьев, А.А. Миролюбов, Е.Г. Железнова, Е.Н. Соловова, О.И. Коваль, Г. Рогова, Ф.

Рабинович, Т. Сахарова, М.Л. Вайсбурд, С.А. Блохина, В.И. Хусаинова және О.В. Афанасьева сынды зерттеушілерді жатқызуға болады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында қатысымдық бағыттағы оқыту ұстанымдарын негіздеп, сөйлеу әрекетінің түрлерін жіктеген ғалым Ф. Оразбаева өз докторлық диссертациясында алғаш рет оқылым әрекетін дамытудың әдіс-тәсілдерін жан-жақты талдаған [2]. Сондай-ақ қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқылым арқылы меңгерудің әдістемелік негіздерін арнайы зерттеген Г.Т. Бейсенбекова бұл бағытта кандидаттық диссертация қорғаған. Ғалымның «Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде тілдік қатынасқа сүйенген оқылым әрекетінің ғылыми-әдістемелік тұғырлары айқындалып, оқылым түрлері мен олардың белгілері нақты сипатталған. Сонымен қатар мәтіндердің түрлері жүйеленіп, олардың өзіндік ерекшеліктері талданған. Г.Т. Бейсенбекова өз еңбегінде оқылым дағдысын қалыптастырудың тиімді әдістемесін ұсынып, дауыстап оқу мен іштей оқуға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін әзірлеген [3].

Аталған еңбектерде оқылым дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары мен әдістері, оқылым мәтінімен жұмыс жүргізудің түрлері және оқылым мәтіндеріне қойылатын негізгі талаптар ғылыми-теориялық әрі әдістемелік тұрғыда қарастырылған. Бұл зерттеулерде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін нақты әдіс-тәсілдер жүйесі ұсынылған.

Осы мақаланы даярлау барысында педагогикалық зерттеу үдерісінде теориялық және практикалық әдістер қатар қолданылды. Атап айтқанда, зерттеу жұмысы барысында түрлі ақпарат көздері пайдаланылғандықтан, теориялық мәліметтерді талдау тәсілдері іске асырылды. Жалпы ғылыми-теориялық және әдістемелік міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін аналитикалық зерттеу әдістері қолданылды. Әртүрлі дереккөздерді сараптау арқылы талдау жұмыстары жүргізіліп, зерттеу тақырыбына қатысты негізгі және қосымша әдебиеттер айқындалды. Осы деректер негізінде тақырыптық және мазмұндық шолу жасалды. Сонымен бірге зерттеу нысандарына сәйкес материалдар мазмұнына қарай топтастырылып, олардың басты ұстанымдары мен бағыттары белгіленді. Сондай-ақ ғалымдардың ұсыныстары мен тұжырымдарына сыни тұрғыдан баға беру әдістері арқылы кешенді талдау жүргізілді.

Талдау мен нәтижелер

Тілдік дағды – жалпыланған байланыстарға негізделетін үдеріс болып табылады. Бұл байланыстар фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құралдарды саналы түрде меңгеру арқылы қалыптасады. Мағыналылық – тілдік дағдылардың басты ерекшелігі саналады. Аталған дағдылардың көмегімен үйренілетін тілде дұрыс сөйлеу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Сөйлеу дағдысы – әрекетті бекітуге бағытталған, жүйелі түрде қалыптасқан орындау тәсілі ретінде сипатталады [4]. Ғалым Ф. Оразбаева оқылым ұғымын графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы мен мазмұнын ойлау және сана үдерісінің негізінде қабылдап, сауатты, дұрыс, мәнерлеп әрі түсінікті түрде оқу және сол мәтіннен қажетті ақпаратты түсініп, іріктей алу әрекеті ретінде сипаттайды. Зерттеуші өз еңбектерінде оқылымның танымдық, зерделік, ізденімдік және көрсетімдік түрлерін жіктеп көрсетеді. Сонымен қатар, «Оқылым барысында ұсынылған материалды түсініп қабылдау ғана емес, сонымен қатар оның әрбір тілдік-қатысымдық бірлігінің мағынасын ұғынып, құрылымын танып, оны тілдік қатынас барысында кеңінен пайдалана білу қажеттігі» өзекті мәселе ретінде қарастырылады [5].

Оқылым, ең алдымен, ойлау үдерісі мен мидың бірлескен қызметіне тәуелді болады, екіншіден, жазбаша түрде берілген графикалық таңбалар тізбегін дұрыс танып, ажырата білуге байланысты жүзеге асады, үшіншіден, бұл үдерісте аталған таңбалардың ішкі мағынасы мен мазмұнын дұрыс түсінудің маңызы зор. Аталған ерекшеліктер толық іске асқан жағдайда ғана оқылған мәтіннен қажетті ақпараттар іріктеліп алынып, тіл үйренушінің кәдесіне жаратылады.

Сөйлесім әрекетінің бір тармағы ретінде оқылымның маңыздылығы мынадай аспектілермен сипатталады:

1) тіл үйренуші оқылым үдерісі арқылы тілдік қатынас үшін қажетті ақпараттарды меңгеріп, оларды тілдік қарым-қатынас барысында тиімді пайдаланады;

2) оқылым нәтижесінде әдебиет, мәдениет, қоғам өмірі сияқты түрлі салаларда жинақталған адамзаттық тәжірибе бір тарихи кезеңнен екіншісіне беріледі, бұл өз кезегінде адамдар арасындағы қатынасты жетілдіріп, білім көкжиегін кеңейтіп, ой-сананы байытады. Ойлау қабілеті жоғары деңгейде дамыған тұлғаның сөйлеу мәдениеті де соған сәйкес ерекшеленеді;

3) оқылым әрекеті арқылы тіл үйренуші маңызды ақпараттарды зерделеп, іріктеп, жинақтайды және қорытынды жасайды. Бұл үдеріс уақыт өте келе сарапталып, ғылым мен техника салаларында жаңа ізденістерге негіз бола алады. Адамның қоғамдық қызметі артып, коммуникациялық үдерістер жедел дамиды.

Оқылым әрекеті – тіл үйрену барысында әрдайым нақты тәжірибеде сұранысқа ие сөйлесім әрекетінің түрі болып табылады. Себебі оқылым арқылы коммуникативтік құзыреттіліктің ажырамас құрамдас бөлігі – ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік дамиды. Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік ұғымы мыналарды қамтиды:

– ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен қажетті ақпаратты іздеп табу қабілеті;

– технологияларды қолдана білу машығы;

– алынған ақпараттың шынайылығын, жаңалығын және өзектілік дәрежесін анықтау;

– ақпаратты нақты жағдаят пен қойылған міндетке сәйкес өңдеу;

– ақпаратты мұрағаттап, сақтай білу;

– оны кең ауқымды мәселелерді шешуде тиімді пайдалану [6].

Оқылым ұғымы – әдіскер-ғалымдар И.Л. Колесникова мен О.А. Долгинаның анықтамасы бойынша, жазбаша түрде берілген мәтінді қабылдау мен түсінуге бағытталған сөйлесім әрекетінің рецептивті түрі болып табылады [7]. Е.И. Пассов та оқылымды тілдік таңбаларды қабылдауға бағытталған сөйлесім әрекетінің рецептивті формасы ретінде қарастырады [8]. Сондай-ақ, Г. Рогова, Ф. Рабинович, Т. Сахарова сынды зерттеушілер де оқылымды сөйлесім әрекетінің рецептивті түріне жатқызады. Себебі бұл әрекет – нақты бір автордың репродуктивті қызметінің нәтижесінде пайда болған мәтінді оқырман тарапынан қабылдау мен өңдеу үдерісіне негізделген әрекет түрі ретінде қарастырылады [9]. Осыған сәйкес, оқылым – графикалық таңбалар арқылы кодталған жазбаша тілдік ақпаратты визуалды қабылдауға негізделген сөйлесім әрекетінің рецептивті түрі ретінде танылады. Егер бұл ұғымға анатомиялық тұрғыдан сипаттама берсек, оқылым әрекеті барысында адамның рецепторлық қабылдау мүшелерінің белсенді қызметі жүзеге асады. Ал психологиялық тұрғыдан алғанда, субъектінің сыртқы ортадан өзіне қажетті мәліметті алуға бағытталған әрекеті рецептивті әрекет деп аталады.

Оқылым әрекетінің қалыптасу және даму үдерісіне негізгі төрт құрамдас компонент қатысады: 1. Көру мүшелерінің қызметі; 2. Ойлау жүйесінің белсенділігі; 3. Тілдік бірліктердің таңбалық құрылымдары; 4. Қатысымдық бірліктердің мағыналық жүйесі. Бұлармен қатар, қосымша бірнеше функционалды элементтер де бір мезетте жұмыс істейді: 1. Артикуляциялық аппараттың қимыл-әрекеттері; 2. Дауыстап оқу үдерісі; 3. Есту мүшелерінің белсенді қатысы; 4. Тілдік материалдардың жинақталған қоры. Ғалым О.И. Коваль оқылымды – сөйлесім әрекетінің өзге түрлерін жетілдірудің негізі болып табылатын, әрі ана тілінде де, өзге тілде де білім кеңістігін ұлғайтуға мүмкіндік беретін, көп күш пен табандылықты талап ететін маңызды әрі дербес әрекет деп сипаттайды [10]. Әдіскер А.А. Миролубов оқылымды үйретудің бастапқы кезеңінде оқытушы мен оқулық құрастырушылары екі негізгі мәселеге ерекше назар аударуы тиіс екенін атап көрсетеді: біріншісі – оқуға арналған мәтінді іріктеу, екіншісі – оқушыларға мәтінді дұрыс оқу үшін қажетті фонетикалық заңдылықтарды меңгертудің маңыздылығы [11]. Оқылым дағдысын қалыптастыру жұмысының бастапқы кезеңінде дәл осы екі аспектке ерекше көңіл бөлу сапалы нәтижеге қол жеткізуге жол ашады. Оқылым әрекетін осы бағытпен бастаған жағдайда тіл үйренушінің екі негізгі сөйлеу дағдысы – ішкі және сыртқы сөйлеу қабілеттері қатар дамиды. Оқу үдерісінде алдымен оқырманның ішкі сөйлеуі қалыптасып, уақыт өте келе осы ішкі сөйлеудің негізінде оның сыртқы сөйлеу дағдысы жетіле түседі.

Оқылым дағдысын меңгеру – ұзақ уақытты қажет ететін әрі шығармашылық қабілетті талап ететін күрделі үдеріс. Сөйлеу әрекетінің кез келген түрін жоғары деңгейге жеткізу

бірнеше кезеңнен тұрады және жүйелі түрде ұйымдастырылуы тиіс. Осы тұрғыда А.А. Леонтьев сөйлеу дағдыларының автоматтандырылу сатыларын бірнеше негізгі кезеңдерге бөліп көрсетеді: тұтастық – сөйлеудің бірізділігі мен жүйелілігі, тегістік пен қиындықтың болмауы, байланыстырып сөйлеуге дайындық, тұрақтылық пен беріктілік, икемділік – яғни білімді жалпылай алу қабілеті және өз білімін бақылау мүмкіндігі [12]. Бұл күрделі үдерістің тиімді әрі нәтижелі болуы ең алдымен оқылым әдістерін дұрыс меңгеруге байланысты. Себебі оқу техникасын терең игеру сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінің бірі болып саналатын оқылымды сапалы деңгейде дамытуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік еңбектерде оқу техникасын үйрету барысында оқылымның екі түріне ерекше назар аудару қажеттігі айтылады: синтетикалық оқу және аналитикалық оқу. Осыған байланысты «оқылымды қай әдістен бастаған жөн?» деген заңды сұрақ туындайды. Зерттеулер мен тәжірибе көрсеткендей, тіл үйретудің бастапқы кезеңінде оқылымды синтетикалық әдіспен бастаған тиімді болып табылады. Себебі оқытудың алғашқы сатысында мазмұны жеңіл, құрылымы қарапайым мәтіндерді таңдау оқылым үдерісін жеңілдетіп, аналитикалық оқуға көшуге дайындық жасайды. Мұндай тәсіл оқу әрекетін тиімді ұйымдастыруға, оқылым дағдысын жүйелі түрде қалыптастыруға және нәтижелі меңгеруге үлкен мүмкіндік береді.

Белгілі әдіскер И.А. Грузинская оқу техникасына байланысты былай деп атап көрсетеді: «Оқу механизмі – бұл назар аударылған мәтіндік материалды дыбыстық бейнелермен дәл, жылдам және нақты байланыстыру, сондай-ақ мәтіннің түсінікті бөліктерін барынша дұрыс дыбыстық және интонациялық дәлдікпен айту» [13]. Демек, оқылым – белгілі бір механизмге негізделген әрекет, ал оны тиімді меңгеру үшін осы механизмнің заңдылықтары, яғни оқу техникасы толық игерілуі қажет. Оқу техникасын қалыптастыруда екі негізгі әдіс қолданылады: дауыстап оқу және дыбыссыз оқу. Бұл екі тәсіл де оқылым дағдысын дамытуда өзара бірін-бірі толықтыратын маңызды рөл атқарады. Дегенмен, шет тіліндегі жаңа және бұрын кездеспеген дыбыстардың жазылу ерекшеліктері оқуды үйрену барысында белгілі бір қиындықтар туғызып, оқылым үдерісін баяулатады.

Оқылым – маңызды коммуникативтік құзыреттілік ретінде бірнеше түрлі дағдылардың жиынтығын қамтитын кешенді білім саласы. Бұл дағды тек грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға жағдай жасап қана қоймай, сонымен бірге меңгеріліп жатқан тілде еркін сөйлеу мен айтылым қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. Оқылым әрекетінің басты мақсаты – ақпараттың негізгі әрі сенімді көзі болып саналатын кітаптар, газет-журналдар және өзге де мәтіндік материалдарды түсініп, талдай білу. Тілді меңгерудің бастапқы, орта және жоғары сатыларына сәйкес әр деңгейге лайық мәтін түрлері таңдалып, ондағы сөз саны мен көлемі есепке алынады. Баспа басылымдары мен интернет ресурстарындағы түрлі жанр мен стильдегі мәтіндерді оқу кезінде алдымен ақпаратты жинақтау, сұрыптау, қабылдау, ұғыну және өңдеу дағдылары қажет болады. Ал алынған мәліметті тиімді игеру үшін оқылымның барлық түрлерін меңгеру маңызды. Бұл түрлерге аналитикалық оқу, синтетикалық оқу, дайындықпен оқу, дайындықсыз оқу, аудармалы оқу, аудармасыз оқу, негізгі оқу, қосымша оқу, шолып оқу, жылдам танысып оқу, іздеп оқу, зерттеп оқу, түсініп оқу, шапшаң оқу және тағы басқа оқылым дағдылары жатады. Осылардың барлығы бір-бірімен өзара байланысып, тіл үйренушінің оқылым әрекетін жүйелі түрде жетілдіруге мүмкіндік береді.

Оқылым әрекеті барысында тіл үйренушілер көбінесе жазылған мәтінге зейінін толық шоғырландыра алмайды. Осыған орай, оқылым үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында арнайы нұсқаулар мен стратегияларды қолдану қажеттілігі пайда болады, яғни оқырман тек қағаздағы сөздерді көзбен қадағалап қана қоймайды.

Оқылым стратегияларын мазмұндық дағдылар ретінде жеті негізгі бағытқа бөлуге болады, атап айтқанда:

1. Болжау – бақылау немесе жеке тәжірибе негізінде алдағы оқиғаларды болжау.
2. Визуалдандыру – кейіпкерлердің, оқиғалардың және көріністердің бейнесін ойша елестету.
3. Байланыстыру – мәтінді оқи отырып, екі немесе одан көп ақпаратты өзара байланыстыра білу немесе олардың арасындағы қатынасты анықтау.

4. Сұрақ қою – мәтінге қатысты сұрақтар қойып, ақпаратты іздену.
5. Нақтылау – түсінікті арттыру, анықтамалар беру және шатасулардан арылу.
6. Жинақтау – мәтіннің негізгі мазмұнын қысқаша қорытындылау.
7. Бағалау – оқылған материалға субъективті пікір қалыптастыру [14].

Оқылым дағдысын қалыптастыруда мұғалім оқушыларды мәтіннің жеке сөйлемдеріне емес, тұтас мәтінге назар аударуға бағыттайтын оқу стратегиясын ұсынады. Оқыған ақпараттың басым көп бөлігін түсіну үшін алдымен абзац тәріздес көлемді бірліктердің құрылымын түсінуді меңгеру қажет. Бұл үшін оқылымды тұтас түсінуден бастап, содан кейін егжей-тегжейлі талдауға көшу қажет. Егер оқылым барысында жеке сөздерді ғана түсінуге басымдық берілсе, оқушының назары ұсақ бөлшектерге шоғырланып, зейіні шашырайды. Сонымен қатар, оқылымға мүмкіндігінше аутентивті мәтіндерді қолдану маңызды. Аутентивті мәтіндер оқылым үдерісін жеңілдетуге елеулі ықпалын тигізеді. «Оқылымнан алатын ләззатты жойып алмау үшін мәтін бойынша көп жаттығу берудің қажеті жоқ» [15]. Көп жағдайда тіл үйрету оқулықтарында берілетін мәтін алдындағы және мәтін соңындағы тапсырмалардың шамадан тыс көп болуы назар аударарлық. Бұл мәселе біздің зерттеу нысанамызға кірмегендіктен, осы мақала шеңберінде талқыланбайды, алайда болашақта зерттеуді талап ететін өзекті тақырыптардың бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Оқушының дұрыс болжам жасау қабілеті оқу мақсаттарын тиімді шешуге тікелей әсер етеді. Мәтінді болжау оқушының алдын ала жинақталған білім деңгейімен тығыз байланысты. Аялық білім негізінде оқушылар мәтіннің тақырыбын, жалғасын және аяқталуын болжауға қабілетті болады. Осы стратегияны пайдалану арқылы тіл үйренуші өз пікіріне сәйкес немесе қарама-қайшы келетін жаңа ақпараттарды жинақтап, меңгеруге мүмкіндік алады. Бұл процесс оның сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуды ынталандырады [16].

Оқылым дағдысы нәтижесінде тіл үйренуші мәтінді, оның мазмұнын мен мақсатын түсіну, негізгі ойды анықтау, мәтіннің құрылымдық элементтерін, стилі мен түрін айқындау, оқылған мәтін бойынша сұрақтар құрастыру, әртүрлі дереккөздерден қосымша ақпарат табу және мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау дағдыларын меңгереді. Егер оқу дағдысын қалыптастыру басты мақсат болса, онда тіл үйренуші алдымен мәтін мазмұнын толық меңгеруі тиіс. Тек содан кейін ғана берілген мәтінде автордың негізгі мақсатын, кімге бағытталғанын, автордың бұл мәселеге қатысты көзқарасын және оқырманға жету үшін қолданған тілдік құралдарын сараптап, талдау қабілетіне жетеді.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген көзқарастар негізінде тіл үйрету әдістемесін зерттейтін мамандардың оқылым терминін «оқырман мен мәтін арасындағы өзара әрекет» ретінде қарастыратынын байқауға болады. Ғалымдардың пікірінше, оқылым сияқты күрделі коммуникативтік дағдыны тиімді меңгерту үшін белгілі бір тақырып аясында жан-жақты, кең көлемді білімге ие болу және тілді терең меңгеру қажет. Оқылым әрекетінің нәтижелі жүзеге асуы үшін тіл үйренушінің меңгеруге тиіс ақпаратқа қатысты базалық немесе аялық білімі болуы шарт. Сонымен қатар мәтіннің мәнін толық түсіну үшін кең ауқымды білім мен дағдылар қажет. Тіл үйренушінің жаңа мәтінді түсініп оқу мақсатында оны өз өмірлік тәжірибесімен байланыстыра білуі маңызды әрі қажетті әрекет болып табылады.

Оқылым дағдысына арналған зерттеулерге шолу жасау барысында мақалалардың зерттеу нысандарының әртүрлілігі байқалды. Дегенмен, зерттеушілердің басты зейіні көбінесе белгілі бір өзекті мәселелерге аударылғаны анықталды. Мақалаларды тақырыптық тұрғыда талдағанда, «оқылғанды түсіну» мәселесіне арналған еңбектердің саны басым екенін көруге болады. Бұл жағдай оқу дағдысына деген көзқарасты қайта қарастыру қажеттігін айқындайды.

Сонымен қатар, «оқылғанды міндетті түрде түсіну» тақырыбын зерттеген мақалалар да маңызды орынға ие болды. Түсінбей оқу тиімді нәтиже бермейді, ал мәтінді толық түсініп оқудың мақсатына жетуде негізгі құрал болып саналады. Мақалаларда көтерілген өзекті мәселелердің бірі – «оқу әдеті». Ақпарат жинап, білім алу басты мақсат болғандықтан, кітап оқу адамның өмірінде құнды әрі пайдалы әрекеттердің бірі ретінде бағаланады. Оқылым дағдысы тақырыбында «оқуға деген көзқарас» мәселесі де маңызды болып саналады.

Адамның оқуға оң көзқарасы оқылымды дамыту мен оның тиімділігін арттырудағы басты факторлардың бірі болып табылады.

Оқылым дағдысын дамыту тіл үйрету әдістемесін жетілдірудің барлық кезеңдерінде зерттеу нысанының орталығында тұрған басты мәселе ретінде қалыптасып, сөйлеу әрекетінің бұл түрін көптеген әдіскерлер жүйелі түрде зерттеп келеді. Ғылыми әдебиеттерде сөйлеу әрекетінің осы түріне арналған еңбектер мол. Дегенмен, аталған еңбектерде берілген оқылым дағдысын дамытуға қатысты нұсқаулықтар мен ұсыныстарды қазіргі заман талаптарына сай талдап, іріктеп қолдану маңызды екенін ұмытпау қажет. Себебі оқылым дағдысын дамыту мақсаттары қоғамның даму үрдісіне сәйкес үнемі өзгеріп отыруға бейім. Қазіргі заманғы талаптарға сай шетел тілдерін, оның ішінде қазақ тілін оқыту барысында оқылымды меңгерту талаптары, оқылымды дамытудың шарттары — яғни оқылатын мәтіндердің түрлері, күрделілік деңгейі мен көлемі айтарлықтай өзгеріске ұшырауда.

Ғалымдардың пікірінше, кез келген тілді меңгеру үшін оқу үдерісі сөйлеу әрекетінің барлық түрін – оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым – қамтуы тиіс. Дегенмен, көп жағдайда оқылым әрекеті әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде бағаланбай келеді. Оқылған мәтінді қабылдап, түсінуге бағытталған бұл сөйлеу әрекеті кейде өнімсіз деп саналатындықтан, тыңдалым және жазылым сияқты өнімді әрекеттермен салыстырғанда оған көңіл аз бөлінеді. Алайда кейбір зерттеушілер оқылымды «сөйлеу және тілдік дағдыларды қалыптастыру мен бақылауға мүмкіндік беретін құрал» ретінде қарастырып, оның маңыздылығын атап көрсетеді. Олардың пікірінше, оқырманның өз бетімен жеткілікті көлемдегі мәтінді оқуы сөздік қорды, грамматикалық және жазу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар оқылым тіл мен мәдениетті зерттеу, ақпарат алу және білім беру құралы, сондай-ақ өзін-өзі оқыту құралы ретінде де әртүрлі қызметтер атқарады.

Жүргізілген талдаулардан қорытынды жасасақ, оқылым әрекетін дамытуға бағытталған жұмыстар қатысымдық бағытта ұйымдастырылуы тиіс. Бұл өз кезегінде тіл үйретудің соңғы мақсатты нәтижесі – тілдік қатынасқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы мақсатқа жету үшін оқылым мәтіндері тіл үйренушілердің білім деңгейі, қажеттіліктері және қызығушылықтарына сәйкес мұқият таңдалып алынуы қажет. Сонымен қатар оқылым алдында және соңында берілетін тапсырмалар жүйесі дұрыс ұйымдастырылуы шарт. Тек осы жағдайда оқылым дағдысын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өз тиімділігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Курманова А.К., Курманбаева Ш.К. Қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесінің зерттелуі // Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы. – 2022. – №1. – Б. 400-412.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1996. – 417 б.
3. Бейсенбекова Г.Т. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2001. – 146 б.
4. Вайсбурд М.Л., Блохина С.А. Обучение пониманию иноязычного текста при чтении как поисковой деятельности // Иностранные языки в школе. – 1997. – № 1. – С. 19–24.
5. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Шығармалар жинағы. 2-т. Тілдік қатынас: ғылыми монография. – Алматы: Ан-Арыс, 2019. – 584 б.
6. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: продвинутый курс: пособие для студентов пед. вузов и учителей. – М.: АСТ: Астрель, 2008. – 219 с.
7. Колесникова И.Л., Долгина О.А. Англо-русский терминологический справочник по методике преподавания иностранных языков. [Электронный ресурс] URL: <https://dispace.edu.nstu.ru/didesk/course/show/2517/10> (қаралған күні: 09.10.2025).
8. Пассов Е.И., Кузнецова Е.С. Обучение чтению: учебное пособие. – Воронеж: Интерлингва, 2002. – 236 с.
9. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Просвещение, 1991. – 287 с.

10. Коваль О.И. Самостоятельная работа при обучении чтению на иностранном языке // Вестник ВГАВТ, вып. 39. Раздел III. Философские, социально-педагогические и филологические науки. – 2014. – С. 79-82.
11. Методика обучения иностранным языкам: традиции и современность: коллективная монография / под ред. А.А. Миролюбова. – Обнинск: Титул, 2010. – 464 с.
12. Леонтьев А.А. Некоторые проблемы обучения русскому языку как иностранному (психологические очерки). – М.: Изд-во МГУ, 1970. – 88 с.
13. Грузинская, И.А. Методика преподавания английского языка: учебное пособие. 5-е изд. – М.: Государственное учебно-педагогическое издательство министерства просвещения РСФСР, 1947. – 223 с.
14. Birkner V. Reading Comprehension in Teaching English as a Foreign Language. [Электронды ресурс] URL: <https://www.monografias.com/trabajos68/readinscomprehension-teaching-english/readinscomprehension-teaching-english2.shtml> (қаралған күні: 10.10.2025).
15. Железнова Е.Г. Чтение как один из способов обучения английскому языку // Научный вестник Южного института менеджмента. – 2019. – №1. – С. 110-114.
16. Рустемова С.К., Алимжанова Б.Е., Байгошкарлова М.И., Бабжанова Р.Ж. Methods of teaching reading at English lessons // Молодой ученый. – 2015. – №11. – С. 1478-1481.

References

1. Kurmanova A.K., Kurmanbaeva Sh.K. Katysymdyq bagdarly oqytu maselesinin zerttelui [Study of the problem of communicative-oriented teaching]. *Toraygyrov universitetinin Khabarshysy. Pedagogical series*, 2022, No. 1. – P. 400–412. (in Kazakh)
2. Orazbaeva F. Tildik katynas pen katysym adisinin gylymi-teoriyalyk negizderi [Scientific and theoretical foundations of language communication and communicative method]. Doctoral dissertation. – Almaty, 1996. – 417 p. (in Kazakh)
3. Beisenbekova G.T. Kazak tilin basqa ult okilderine oqylym areketi arqyly uiretu adistemesi [Methodology of teaching Kazakh language to non-native speakers through reading activity]. PhD dissertation. – Almaty, 2001. – 146 p. (in Kazakh)
4. Vaisburd M.L., Blokhina S.A. Obuchenie ponimaniyu inoyazychnogo teksta pri chtenii kak poiskovoi deyatel'nosti [Teaching comprehension of foreign-language text in reading as a search activity]. *Inostrannyye yazyki v shkole* [Foreign Languages at School], 1997. – № 1. – P. 19-24.
5. Orazbaeva F. Tildik katynas. Shygarmalar zhinagy. 2-t. Tildik katynas: gylymi monografiya [Language communication. Collected works. Vol. 2. Language communication: scientific monograph]. – Almaty: An-Arys, 2019. – 584 p. (in Kazakh)
6. Solovova E.N. Metodika obucheniya inostrannym yazykam: prodvinytyi kurs [Methods of teaching foreign languages: advanced course]. – Moscow: AST: Astrel, 2008. – 219 p. (in Russian)
7. Kolesnikova I.L., Dolgina O.A. Anglo-russkii terminologicheskii spravochnik po metodike prepodavaniya inostrannykh yazykov [English-Russian terminological reference book on foreign language teaching methodology]. – Available at: <https://dispace.edu.nstu.ru/didesk/course/show/2517/10> (accessed 09.10.2025). (in Russian)
8. Passov E.I., Kuznetsova E.S. Obuchenie chteniyu: uchebnoe posobie [Teaching reading: textbook]. – Voronezh: Interlingva, 2002. – 236 p. (in Russian)
9. Rogova G.V., Rabinovich F.M., Sakharova T.E. Metodika obucheniya inostrannym yazykam v srednei shkole [Methods of teaching foreign languages in secondary school]. – Moscow: Prosveshchenie, 1991. – 287 p. (in Russian)
10. Koval O.I. Samostoyatel'naya rabota pri obuchenii chteniyu na inostrannom yazyke [Independent work in teaching reading in a foreign language]. *Vestnik VGAVT*, 2014, Iss. 39. – P. 79–82. (in Russian)
11. Metodika obucheniya inostrannym yazykam: traditsii i sovremennost: kollektivnaya monografiya [Methods of teaching foreign languages: traditions and modernity]. Ed. A.A. Mirolyubov. – Obninsk: Titul, 2010. – 464 p. (in Russian)

12. Leontiev A.A. Nekotorye problemy obucheniya russkomu yazyku kak inostrannomu (psikhologicheskie ocherki) [Some problems of teaching Russian as a foreign language (psychological essays)]. – Moscow: MGU, 1970. – 88 p. (in Russian)
13. Gruzinskaya I.A. Metodika prepodavaniya angliiskogo yazyka: uchebnoe posobie [Methods of teaching English]. 5th ed. – Moscow: Gosudarstvennoe uchebno-pedagogicheskoe izdatelstvo, 1947. – 223 p. (in Russian)
14. Birkner V. Reading Comprehension in Teaching English as a Foreign Language. – Available at: <https://www.monografias.com/trabajos68/readinscomprehension-teaching-english/readinscomprehension-teaching-english2.shtml> (accessed 10.10.2025).
15. Zheleznova E.G. Chtenie kak odin iz sposobov obucheniya angliiskomu yazyku [Reading as one of the methods of teaching English]. Nauchnyi vestnik Yuzhnogo instituta menedzhmenta, 2019, No. 1. – P. 110–114. (in Russian)
16. Rustemova S.K., Alimzhanova B.E., Baigoshkarova M.I., Babzhanova R.Zh. Methods of teaching reading at English lessons. Molodoi uchenyi, 2015, No. 11. – P. 1478–1481.

К.К. Муканова, А.Б. Сайленова*

Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А

*ORCID: 0009-0005-5562-4966

*e-mail: aiko14.08@mail.ru

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития навыков чтения как важного направления методики преподавания языка. Чтение определяется как сложное коммуникативное взаимодействие между читателем и текстом, требующее всесторонних знаний и глубокого владения языком. Показано, что цели развития навыков чтения изменяются в зависимости от уровня развития общества, а требования к чтению, включая виды, сложность и объем текстов, изменяются в процессе обучения иностранным языкам, в том числе казахскому. На основании исследований научно обосновано, что процесс изучения языка должен охватывать все виды речевой деятельности – аудирование, говорение, письмо и чтение. Тем не менее, чтение зачастую недооценивается методически и уделяется меньше внимания по сравнению с продуктивными видами речи. В то же время, такие методисты, как И.А. Грузинская, О.И. Коваль и А.А. Миролубов, рассматривают чтение как важный инструмент формирования и контроля речевых и языковых навыков. Подтверждается роль овладения техникой чтения, синтетических и аналитических форм чтения, а также усвоения фонетических закономерностей в формировании навыков чтения.

Определена значимость чтения для развития словарного запаса, грамматических и письменных навыков, а также его роль как средства изучения языка и культуры, а также как информационного и образовательного ресурса. Подчеркивается необходимость учитывать уровень знаний, потребности и интересы учащихся при выборе текстов для чтения. Также отмечается важность системной организации заданий до и после чтения, а также стратегий развития содержательных навыков – предсказания, визуализации, установления связей, постановки вопросов, уточнения, обобщения и оценки для повышения эффективности чтения.

Коммуникативный подход рассматривается как ключевое условие развития навыков чтения и достижение конечной цели – языкового общения. Таким образом, овладение чтением представлено как интегративный процесс, направленный на совершенствование словарного запаса, грамматики, развитие речевых навыков, а также восприятия и обработки информации. В статье даны научные выводы и методические рекомендации по развитию навыков чтения, а также подчеркнута необходимость дальнейших исследований в этой области.

Ключевые слова: Навыки чтения, методика преподавания языка, коммуникативный подход, понимание текста, стратегии чтения, языковое общение.

К.К. Mukanova, A.B. Sailenova*

Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka street

*ORCID: 0009-0005-5562-4966

*e-mail: aiko14.08@mail.ru

PROBLEMS OF DEVELOPING READING SKILLS IN SECONDARY SCHOOL

Abstract. The article addresses the development of reading skills as a crucial direction in language teaching methodology. Reading is defined as a complex communicative interaction between the reader and the text, requiring comprehensive knowledge and deep language proficiency. It is demonstrated that the goals of developing reading skills change in accordance with societal development, and the requirements for reading-including types, complexity, and volume of texts-evolve in foreign language teaching, including Kazakh. Research confirms that the language learning process should encompass all types of speech activities: listening, speaking, writing, and reading. However, reading is often methodologically undervalued and receives less attention compared to productive speech forms. Meanwhile, methodologists such as I.A. Gruzinskaya, O.I. Koval, and A.A. Mirolubov regard reading as an essential tool for developing and monitoring speech and language skills. The role of mastering reading techniques, synthetic and analytic reading types, and phonetic regularities in reading skill formation is substantiated.

The significance of reading for vocabulary expansion, grammar, and writing skills, as well as its function as a tool for studying language and culture and serving informational and educational purposes, is highlighted. It is emphasized that learners' knowledge levels, needs, and interests must be considered when selecting reading texts. Additionally, the systematic organization of pre- and post-reading tasks, along with strategies for developing comprehension skills-prediction, visualization, connection, questioning, clarification, summarization, and evaluation are noted as essential for enhancing reading effectiveness.

The communicative approach is identified as a fundamental condition for developing reading skills and achieving the ultimate goal of language communication. Thus, mastering reading is presented as an integrative process aimed at improving vocabulary, grammar, speech activities, and the perception and processing of information. The article provides scientific conclusions and methodological recommendations for reading skill development and highlights the need for further research in this field.

Keywords: Reading skills, language teaching methodology, communicative approach, text comprehension, reading strategies, language communication.

Авторлар туралы мәлімет

Мұқанова Қаршыға Қайроллақызы – филология ғылымдарының кандидаты, «Шәкәрім университеті» КеАҚ қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: mukanova.k@mail.ru, ORCID: <https://ORCID.org/0000-0002-8812-7625>.

Сайленова Аяулым Болатбекқызы* – «Шәкәрім университеті» КеАҚ «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» ББ магистранты, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: aiko14.08@mail.ru, ORCID: <https://ORCID.org/0009-0005-5562-4966>.

Сведения об авторах

Муканова Каршыга Кайроллаевна – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім Университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: mukanova.k@mail.ru, ORCID: <https://ORCID.org/0000-0002-8812-7625>.

Сайленова Аяулым Болатбековна* – магистрант НАО «Шәкәрім Университет» по образовательной программе «Подготовка учителей казахского языка и литературы», Республика Казахстан, Семей, e-mail: aiko14.08@mail.ru, ORCID: <https://ORCID.org/0009-0005-5562-4966>.

Information about authors

Karshyga Mukanova – candidate of philology, senior lecturer, department of kazakh philology Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: mukanova.k@mail.ru, ORCID: <https://ORCID.org/0000-0002-8812-7625>.

Ayaulim Sailenova* – Master's student at Shakarim University, educational program «Training of kazakh language and literature teachers», Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: aiko14.08@mail.ru, ORCID: <https://ORCID.org/0009-0005-5562-4966>.

Редакцияға енуі 20.10.2025

Өңдеуден кейін түсуі 03.11.2025

Жариялауға қабылданды 22.12.2025